



ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ КІТАПХАНАЛАР

«Ең алғашқы кітапхана» – дегенде Семейдегі ашылған кітапхана түссе керек. Дегенмен алғашқы кітапхана қазақ қауымының озат ойлы адамдарды оқу-ағарту ісін дамыту үшін, қазақ ұлт мектебін ашып баспасөз бен әдебиетті өркендету үшін күресті. «Оқуға ынтықтар», «Бастауыш білім алуға қамқорлық» атты және басқа қоғамдар халық көмекке берген қаражатқа халық оқуханаларын ашты. Содан, 1880 жылы Батыс Қазақстан жерінде, Орал әскери бөлімнің офицерлер клубы жанынан халық оқуханасы ашылды, ол 25 жылға жалғасты. Ал, Қазақстанның ең алғашқы кітапханаоқуханаларының бірі 1883 жылы ұйымдастырылған Семей кітапханасы болды. Қазақ халқының ұлы ағартушысы Абай Құнанбаев ұзақ уақыт оның оқушысы болған. XIX ғасырдың аяғындағы кітапханалар Павлодарда, Қарқаралыда, Зайсан мен Өскеменде, 1906 жылы Верный қаласында ашылған. Өкінішке орай, патша цензурасы рұқсат еткен ғана әдебиеттер алынғандықтан, кітап қоры өте аз болды. Сол кезеңде Қазақстандағы кітапханаларындағы оқулықтар саны небәрі – 237 мың ғана кітап болған. Сондай-ақ, кітап алып оқушылар ақы төлеген. Патша үкіметі кітапханаларға көмек бермек түгілі, оларды қуғынға ұшыратқан. Мәселен, Оралда, Верныйда және басқа қалаларда кітапханаларды «революциялық дертін ошағы», -деп губернаторлардың әмірімен жаптыртып тастаған. Совет үкіметі келіп, сол жылдары Қазақстанда 13 мыңдай әртүрлі мәдени-ағарту мекемелердің саны едәуір артты.

Көрікті клуб, кең кітапханалар республиканың барлық облыстарында болды. 1957 жылдары Қазақстанда 9 мыңнан аса кітапхана, оның ішінде 1 555 кәсіподақ және колхоз кітапханалары болды. Бұлардың едәуір бөлігі егіс бригадирлары мен мал фермаларында ұйымдастырылған. Сол кездері кітапханалар партия съездерінің, КПСС Орталық комитеті пленумдарының шешімдерін насихаттаған. Сонымен қатар, кітапты бұқара арасына алып бару да едәуір жақсарған. Қалалық кітапханалар оқушылар арасында көп жұмыс жүргізген, кәсіпорындар арасында жылжымалы кітапхана ұйымдастырылып отырған. Өндіріс озаттарының тәжірбиесі жөніндегі кітаптарды насихаттап отырды, тақырып кештерін, оқушылар конференциясын өткізген және ондай кітапханалар республикада екі мыңнан асқан.

Ауыл-село кітапханаларының саны жылдан-жылға өсіп, олардың жұмыстары жақсарып отырған. Озат кітапханалардың тәжірбиесі кітапшаларда немесе плакаттарда жинақталып, қорытылып отырған. Мәселен, Көкшетау облысындағы Калинин селолық кітапханасының, Солтүстік Қазақстан облысындағы Баян селолық кітапханасының тәжірбиесі жөнінде кітапшалар басылып шыққан. Жеке плакаттарда Қостанай облысындағы Аманкелді селолық кітапханасының, Қарағанды облысындағы Батпақ селолық кітапханасының және көптеген басқалардың жұмыс тәжірбиесі баяндалды. Әрбір

әкімшілік аудан орталықтарында аудандық кітапханалар болған. Ол мәдениет ошақтарының арасында Қостанай облысының Таран аудандық кітапханасы ерекше болған, оның 20 мыңнан астам кітабы болған. Сондайақ, таңдаулы аудандық кітапханалардың бірі – Алматы облысының Іле аудандық кітапханасы. Оның төрт мың тұрақты оқырмандарының ішінде көптеген жұмысшылар, қызметшілер, колхозшылар бар.

Облыстық кітапханаларда жыл сайын аудандық, қалалық, селолық кітапханалар меңгерушілерінің мамандығын арттыратын қысқа мерзімді курстар өткізіліп тұрды.

Алматыда 1931 жылы ұйымдасқан Қазақ ССР-нің А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханасы республикадағы аса ірі методикалық және библиографиялық орталық болып саналды. Оның кітап қоры 1 миллион 600 мың томнан асты. А.С. Пушкин атындағы кітапхана республиканың орталық кітапханасы және ұлттық кітап қоймасы болып табылды.

Мәдениет министрлігінің республикалық орталық ғылыми кітапханаларынан – А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханадан, Мемлекеттік кітап палатасынан және республикалық балалар кітапханасынан басқа ірі салалық ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және жоғары оқу орындары кітапханаларының кең желісі құрылған.

Кітапхана ісін дамытуда маман кадрлар даярлау маңызды роль атқарған. Қазақстанның кітапхана мекемелері Мәскеудің, Ленинградтың және Харьковтың мемлекеттік кітапхана институттарына рақмет айтқан, олар Семейдің, Көкшетаудың, сондай-ақ, Талдықорған облысындағы Лепсі селосының кітапхана техникумдары мен республикамыздың кітапханаларына жұмысқа өздерінің оқытып шығарған кадрларын жіберіп отырған. Ол техникумдар кітапханалар үшін орта дәрежелі мамандар даярлап отырды.

1956-1957 оқу жылынан бастап Қазақтың педагогикалық әйелдер институты жанынан кітапханалық бөлімше ашылды. Бұл республикамыздың мәдени өміріндегі үлкен оқиға. Сол жылдарда кітапханалар мен орта дәрежелі кітапханалық оқу орындары институт бітіріп шыққан маман қызметкерлер – библиотеководтер мен библиографтар алды.

Мөлдір Баймұхамбетова